ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 35 ЖЫЛ

29 қараша МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ

АЛАТАУ айғағы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 127 (576) // 19 қараша // бейсенбі // 2026 жыл

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

ИНВЕСТИЦИЯ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ!

Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов АҚШ-тың Алматы қаласындағы Бас консулы Питер Кауфманмен кездесті. Жиында сауда-экономикалық, гуманитарлық, инновация, инвестиция және басқа да салалардағы ынтымақтастықты арттыру барысы талқыланды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Бүгінде Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасында кең ауқымды стратегиялық әріптестік орнаған. Американдық инвестициялар негізінен тау-кен өнеркәсібі, жылжымайтын мүлік, жалға беру мен кәсіпорындарға қызмет көрсету, сондай-ақ қаржы саласына бағытталған. Алматы облысы мен АҚШ арасындағы ынтымақтастық та жандана түскен. Мәселен, өткен жылы екіжақты тауар айналымы 81 млн АҚШ долларынан асты. Қазіргі уақытта облыста американдық капиталдың қатысуымен 9 кәсіпорын жұмыс істейді. АҚШ-тан негізінен автомобильдер мен көлік құралдары, олардың қосалқы бөлшектері, фармацевтикалық өнімдер мен косметика импортталады. Бүгінде Алматы облысында американдық компаниялардың қатысуымен жалпы құны 248,5 млрд теңгені құрайтын үш инвестициялық жоба қолға алынған. Бұл шамамен 550 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, «PepsiCo Central Asia» компаниясы Алатау қаласында зауыттың бірінші кезеңін салу жобасын жүзеге асыруда. Инвестиция құны – 81 млрд теңге. Екінші ірі жоба – «Mars Petcare Kazakhstan» компаниясының Алатау қаласында үй жануарларына арналған жем өндіретін зауыты. Жобаның инвестициялық көлемі – 88 млрд теңге. Үшінші жоба «Philip Morris Kazakhstan» компаниясының Іле ауданындағы қолданыстағы өндіріс нысанын жаңғыртуға бағытталған. Жалпы құны – 79,5 млрд теңге. Осыған орай Шыңғыс Сайранұлы Алматы облысының әкімдігі инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін айтты.

«Соңғы үш жылда облыс шет мемлекеттердің 18 өңірімен ынтымақтастық орнатып, тиісті келісімдерге қол қойды. Осыған байланысты Америка Құрама Штаттарымен тікелей өңіраралық әріптестік орнатуға ерекше мүдделіміз. Бұл нақты жобалар мен тың бастамаларды іске асыруға жол ашады. Сонымен қатар американдық инновациялық технологияларды тәжірибеден өткізуге ниеттіміз. Ғылыми зерттеу институттарымен және мемлекеттік органдармен әріптестік орнату жаңа технологияларды импорттау мен оларды өндіріске тиімді енгізуде маңызды рөл атқарады», – деді аймақ басшысы.

Келесі болып сөз тізгінін алған Питер Кауфман бүгінде Қазақстан мен АҚШ арасындағы ынтымақтастық бұрын болмаған жоғары деңгейге жеткенін атап өтті. Оның сөзінше, соңғы алты жылда екіжақты сауда көлемі екі есеге ұлғайып, Қазақстанға 17 млрд доллар инвестиция салынды.

«Қазіргі таңда қос мемлекет арасында саяси, сауда-экономикалық байланыс тереңдеп келеді. Біз бұл қарқынды одан әрі арттыруды көздейміз. Алдағы уақытта әсіресе білім мен мәдениет саласындағы жобаларды жетілдіру маңызды. Біз Алматы облысы мен Америка штаттары арасында ынтымақтастық орнату идеясын қолдаймыз. Қазіргі таңда мұнда АЭС, Alatau City сияқты жобалар қолға алынғанын білеміз. Бұл бастамаларға инвесторлардың қызығушылығы жоғары. Өз тарапымыздан тиісті қолдау шараларын атқаратын боламыз», – деді Бас консул.

Жиын қорытындысында тараптар ынтымақтастықты жандандырып, бірлескен бастамаларды жетілдіруге келісті.

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

ОРТАҚ ЖҰМЫС – ОҢ НӘТИЖЕ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатовтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссияның биылғы жылға арналған қорытынды отырысы өтті. Жиынға аудан-қала әкімдері бейнережим арқылы қатысты.



Суреттерді түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

● Ерзат АСЫЛ

Отырыс барысында ауыл шаруашылығы, энергетика және денсаулық сақтау салаларындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері, сондай-ақ табиғи ресурстар және орман шаруашылығы салаларындағы ішкі талдау қорытындылары қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мадияр Исебаев пен облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаев баяндама жасады.

Ең алдымен сөз алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мадияр Исебаев ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге субсидия және ауылдық елдімекендер мен шағын қалалардағы кәсіпкерлерге микрокредит беру мәселелерін талдау барысында бірнеше сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен проблемалық сұрақтар анықталғанын жеткізді. «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша «Алматы ОблГаз Engineering» кәсіпорнында кейбір ұйымдастыру жұмыстары мен жанар-жағар май есебінде кемшіліктер анықталды. Сонымен қоса денсаулық сақтау басқармасына қарасты бірқатар мекемеде кадрлық құжаттамаларда, мемлекеттік сатып алу мен мүлік пайдалануда қателіктерге жол берілгеніне көз жеткіздік», – деді Мадияр Болатұлы.

Келесі кезекте қоршаған ортаны қорғау саласындағы есептілікті цифрландыру, орман шаруашылығында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін жетілдіру және қабылданатын шешімдердің ашықтығын арттыру мәселелері талқыланды. Сонымен қоса облыс әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарын өткізудің 2027 жылға арналған жоспары бекітілді.

Жиында сөз алған облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов өңірдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысындағы оң өзгерістерді тілге тиек етті. «Биылғы 10 айдың қорытындысы бойынша Алматы облысында сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстар саны 28,6%-ға төмендеді. Бұл бағытта сіздермен бірлесіп атқарылған жұмыстың оң нәтижелерін атап өткен жөн. Дегенмен қол жеткізілген нәтижемен шектелмей, босаңсуға жол бермей, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының алдын алу бағытындағы жұмысты одан әрі күшейту қажет. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – әрбір мемлекеттік қызметкер мен мекеменің негізгі міндеті. Осы орайда, барлық салада, басшылық құрамнан бастап, «Заң мен тәртіп» қиғадатының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуіміз қажет», – деді Қанат Болатұлы.

Отырыс қорытындысы бойынша ведомстволық бақылауды күшейту, бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету және ұйым басшыларының дербес жауапкершілігін арттыру жөнінде қосымша шаралар айқындалды. Өз кезегінде Қанат Есболатов мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, ішкі бақылау тетіктерін күшейту және заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар берді.

Таза Қазақстан

Бірлескен іс ілгерілейді



Көшелердің, саябақтар мен қоғамдық орындардың тазалығы тек коммуналдық қызметтердің жұмысына ғана емес, тұрғындардың да белсенділік танытуына байланысты екені сөзсіз. Осы орайда Алматы облысында «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы аясында кезекті тазалық шарасы ұйымдастырылып, оған аймақтың барлық ауданы мен қалаларынан мыңдаған адам қатысты.

● Алтынай СЕЙІТКЕН

Ауқымды тазалық жұмыстары 9 аудан мен 2 қалада жүргізілді. Сенбілікке қатысушылар көшелерді, аулаларды, саябақтар мен гүлзарларды, сондай-ақ оларға іргелес аумақтарды қоқыстан тазартып, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарында белсенділік танытты. Облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының көгалдандыру және абаттандыру бөлімінің басшысы Алина Түсіпбаеваның айтуынша, экологиялық акцияға 18 775 адам қатысқан. Нәтижесінде 341 гектар аумақта тазалық жұмысы қарқын алып, 308 тонна қоқыс шығарылған. Сонымен қатар абаттандыру мақсатында 2 425 түп ағаш отырғызылған.

«Жұмысымыздың маңызды бөлігі – аумақтарды тазалаумен қатар, қалдықтарды дұрыс сұрыптап, кәдеге жарату. Жиналған 308 тонна қоқыстың 228 тоннасы қайта өңдеуге жіберілді. Оның ішінде шыны, пластик, резеңке, қағаз және металл бар. Осылайша, біз елдімекендердің санитарлық тазалығын қамтамасыз етумен ғана шектелмей, полигондарға жөнелтілетін қалдық көлемін азайтуға да басымдық беріп отырмыз. Шараларға мемлекеттік органдардың өкілдері, еріктілер мен жергілікті тұрғындар белсенді қатысуда. Бірлескен жұмыстың арқасында тазалық қамтылатын аумақ көлемі артып, елдімекендердегі тәртіпті сақтауға мүмкіндік молаяды», – деді Алина Түсіпбаева. Айта кетейік, бұл – 2026 жылдың басынан бері ұйымдастырылған 39-экологиялық шара. Жыл басынан бері өңірдегі тазалық жұмыстарына 950 мыңға жуық адам қатысқан. Осы уақыт аралығында 21 мың тоннадан астам қоқыс жиналып, 13 мың гектардан астам аумақ тазартылған. Сондай-ақ 130 мыңға жуық ағаш отырғызылған.

Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында да экологиялық акция аясында тұрғындар тазалық жұмыстарына белсене атсалысты. Шара өткен орындардың бірі – қаланың негізгі магистральдарының бірі саналатын Қонаев көшесі. Мұнда тұрғындар мен акцияға қатысушылар жерге түскен жапырақтарды жинап, тротуарлар мен оған іргелес аумақтарды ретке келтірді.

«Күз мезгілінде жапырақтар тротуарлар мен жол жиектерін тез басып қалады. Сондықтан мұндай жұмыстың маңызы зор. Тазалық жұмысына тұрғындардың өздері де белсенді қатысып жатқаны қуантады. Өйткені бәріміз де қаламыздың таза әрі көрікті болғанын қалаймыз. Ең бастысы, бұл күндік шара емес, алдағы уақытта да тазалықты сақтауға атсалысамыз», – деді экологиялық акцияға қатысушы Аян Қонаров.

Елдімекендерді санитарлық тазарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады. Өйткені қоршаған ортаның тазалығы бір реттік науқанмен шектелмейді. Ол – әрбір тұрғыннан күнделікті жауапкершілік пен жанашырлықты талап ететін ортақ міндет.

Қонаев қаласы

АЙБЫН


Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Асқақ рухтың айғағы

Алатау қаласындағы 6654 әскери бөлімінде Отан алдындағы әскери борышын өтеу үшін әр облыстан келген жас сарбаздардың салтанатты ант қабылдау рәсімі өтті. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтеріліп, Гимн орындалған соң әскери бөлім командирі, полковник Әлем Тасмағамбетов сарбаздарды әскери ант қабылдауларымен құттықтады.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

– Әскери ант қабылдау – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері үшін құрметті де жауапты міндет. Қазақстан халқына, оның заңды түрде сайланған Президентіне адал болуға берілетін қасиетті серт. Бұл – Отанның Тәуелсіздігін, елдің ар-намысын, бостандығы мен азаттығын қорғау жолындағы құқықтық әрі адамгершілік міндеттеме. Бүгін жас сарбаздар адал, тәртіпті, батыл жауынгер болуға, мемлекеттік және әскери құпияны сақтауға, өздеріне жүктелген міндеттерді, жарғылардың талаптарын, командирлер мен бастықтардың бұйрықтарын мүлтіксіз орындауға, әскери қызметтің қиындықтары мен ауыртпалықтарына табандылықпен төтеп беруге уәде етеді. Әскери ант қабылдап, оған өз қолдарын қойған жас жауынгерлер Отанды қорғау, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және елдің жарқын болашағы үшін жеке жауапкершілікті өз мойындарына алады, – деген командир ант қабылдаудың асқақ рухтың, ел мен жерге деген адалдықтың айғағы екенін тілге тиек етті.

Салтанатты ант қабылдау рәсімі аяқталғаннан кейін сөз кезегін алған Алатау қаласы әкімдігінің өкілі Айбар Белібаев жас сарбаздардың ата-аналарының ғана емес, елінің мақтанышы болуларына тілектестігін білдірді. Әскери қызметтің Отан алдындағы қасиетті міндет, елге деген адалдық пен азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі екенін атап өтті. Сонымен қатар қатардағы жауынгер Рамазан Қойшыбаевтың анасы Гүлнұр Ақшалова жас сарбаздарды құттықтап, ақжарма тілегін арнады.

Ант қабылдаушылар атынан саптық дайындықтың үздігі, оқу пунктінің 2-взводының сарбазы Ислам Мейірбекұлы сөз алып, бүгін өзі үшін тарихи әрі жауапты күн екенін атап өтіп, әскери жарғыға сәйкес тапсырмаларды бұлжытпай, абыроймен орындап, әскери антына адал болуға серт берді.

Іс-шара соңында жауынгерлердің қоян қолтық ұрыс әдістері және кинология орталығы қызметтік иттерінің өнері көпшілік назарына ұсынылды.

Алатау қаласы

СЕМИНАР

ЖЫЛЫЖАЙЫ ЖАЙҚАЛҒАН

Райымбек ауданында соңғы жылдары жылыжай шаруашылығы жаңа серпін алып, бүгінгі күні нарыққа тек Нарынқол картобын ғана емес, қызанақ, қияр, таңқурай, құлпынайын да ұсынуда. Адам еңбегі мен ақыл-ойының, кәсіпкерлікке деген қабілетінің арқасында ауданда бірқатар жылыжай биыл да ауыз толтырып айтарлықтай нәтижеге жетіп, мол өнім жинауда.

● Ақерке БИЖАН

Осыған орай Нарынқол ауылындағы Қанат Шелекбаев есімді кәсіп иесінің жылыжай шаруашылығында тәжірибе алмасу семинары өтті. Аудан әкімінің орынбасары, кәсіпкерлік бөлімінің мамандары, өңірдегі шаруашылық иелері бас қосқан жиында жылыжай шаруашылығын дамыту жайы талқыланды.

Аудан орталығында орналасқан жылыжайдың иесі, кәсіпкер Қанат Шелекбаев, негізінен Қайнар ауылының тумасы. Өз туған жерінде кәсіптің ерекше түрін ашып, бүгінде еңбегінің жемісін көріп отыр. Қанат Тілепалдыұлы жылыжай шаруашылығын 2022 жылдан бастап қолға алды. Өсімдік өсіріп, жердің бабын табуға деген қызығушылығы оны үлкен жылыжай құрылысын бастауға ынталандырды. Адамда ниет болса, мүмкін емес дүние жоқ. Бүгінгі күні жылыжайы жайқалған Қанат мырза семинар барысында өзінің тың тәжірибелерімен бөлісіп, алдағы мақсаттарын айқындады.

Жылыжай иесінің айтуынша, биылғы өнім былтырғыдан жемісті. Бүгінде жылыжайда қияр және қызанақ өсіріледі. Жылыжайдың сыртқы ауласында таңқурайдың түрлі сорттары егілген. Жалпы аумағы 220 шаршы метрді құрайтын жылыжайда әр дақылдың ерекшелігіне қарай күтім жасалып, қолайлы өсу жағдайын қалыптастыруға басымдық беріледі.

Шаруашылықта таңқурайдың Италия селекциясына жататын «Мурана», қиярдың «Кураж F1», қызанақтың Нидерланд селекциясындағы «Лидинза» сұрыпы өсіріледі. Сонымен қатар таңқурай дақылының Еуропа, Польша және Италия селекциясына жататын түрлері бар. Кәсіпкер өсімдіктерді қоректендіруде де қажетті талаптарды ескеріп, негізінен органикалық тыңайтқыштарға басымдық беретінін айтты. Расымен, әрбір өсімдік – өзінше бір нәзік жаратылыс. Соған орай, оларға көрсетілетін күтім де ерекше. Қанат мырза үшін жылыжайдағы көкөністер де, жемістер де өз балалары секілді.

Жылыжай құрылысы да ерекше. Өсімдіктерге қолайлы жағдай жасау барысында Қанат мырзаның біраз тер төккені көрініп тұр. Дегенмен, төгілген терді ақтайтын өнім де көңіл көншітеді. Жылыжайдағы температуралық режим де дақылдардың өсуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған. Күндіз ауа температурасы 20–30 градус аралығында болса, түнде 15–18 градус шамасында сақталады. Мұндай шаруашылықта әрбір дақылдың сұранысын білу, оның өсу барысын бақылау және күтім жұмыстарын уақытылы орындау маңызды. Себебі өнімнің сапасы мен көлемі көбіне бағбанның тәжірибесі мен еңбегіне байланысты.

Осынау қыруар шаруаға кеткен қаражат көлемі де семинар қатысушыларын қызықтырмай қоймады. Қанат Шелекбаевтың айтуынша, ол 2023 жылы мемлекеттен 400 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі грантты жеңіп алған. Қалған қажеттіліктердің басым бөлігін жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етіп келеді. Кіріс болғасын, шығысқа да қиналмай жол беруге болады. Кәсіпкер алдағы уақытта тағы 5-6 сотық жер алып, жылыжай кәсібін кеңейтуді мақсат етеді. Алдыға ұмтылуды көздейтін кәсіпкердің бұл сұранысына аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Бақытұлы мен кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Беглан Сәкен қолдау білдіріп, ыңғайлы жерден жер беру мәселесін қарастырып, қолдау көрсетуге уәде етті. Кәсіпкер өз шаруашылығын кеңейтсе, аудандағы кем дегенде оншақты адамды жұмыспен қамтуға мүмкіндік алады. Осылайша, бір оқпен екі қоянды атып, аудан экономикасына үлкен серпіліс сыйлауға болады.

Жалпы, жылыжай шаруашылығын дамыту – ауылдағы кәсіпкерлікті жандандырудың тиімді жолдарының бірі. Мұндай кәсіп тұрғындардың өз мүмкіндігін іске асыруына, жергілікті өнім көлемін арттыруға және тұрақты табыс көзін қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар тәжірибе алмасу арқылы кәсіп бастаушылар жылыжай жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерімен танысып, кездесуі мүмкін қиындықтар жөнінде түсінік алады.

Семинардың негізгі мақсаты да – осындай тәжірибелік білімді таратып, тұрғындарды кәсіпкерлікке ынталандыру, ауыл шаруашылығы саласындағы бастамаларға қолдау көрсету. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырып, кәсіп бастауға ниетті азаматтарды қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету және олардың өз ісін дамытуына жағдай жасау жоспарланып отыр.

Еңбек пен ізденісті талап ететін жылыжай шаруашылығы ауылдың әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Ал Қанат Шелекбаев секілді өз кәсібін дамытып, тәжірибесін өзгелермен бөлісуге дайын кәсіпкерлердің бастамасы ауыл тұрғындары үшін пайдалы үлгі бола алады. Бастысы – қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, еңбекті табысқа айналдыратын кәсіп түрлерін көбейту.

Райымбек ауданы

БРИФИНГ

ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Қарасай ауданы әкімі Жасұлан Естеновтің қатысуымен брифинг өтті. Баспасөз мәслихатында өңір әкімі атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға тоқталып, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жобаларды таныстырды.



● Құралбек СӘБИТОВ

Қарасай ауданы халық саны қарқынды өсіп келе жатқан өңірлердің қатарына жатады. Тұрғындар қатары жыл сайын шамамен 15 мың адамға артады. Өткен жылы тұрғындар саны 369 мың адамды құраса, биыл 386 мыңға жеткен.

Ауданда халық санының өсуімен қатар экономикалық әлеует те нығайып келеді. 2023 жылдан бері ауданның негізгі капиталына 803,7 миллиард теңге инвестиция тартылған. Соның нәтижесінде өндірістік және логистикалық бағыттағы бірқатар ірі жоба іске қосылған. Олардың қатарында «KT&G», «Фокус Логистик», «Apple Logistics», «Алтын таға», «Қазақстандық құбыр арматурасы зауыты», «MP Solutions» логистикалық кешені мен «Almaty W.S» секілді кәсіпорындар бар. Аталған жобалардың іске асуы нәтижесінде 17 мың жаңа жұмыс орны ашылған.

Аудан әкімінің айтуынша, жыл басынан бері 4 775 жаңа жұмыс орны құрылып, жылдық жоспар 2,8 есеге артық орындалған. Жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайыздан 4,4 пайызға төмендеген. Жыл басынан бері «Мансап» орталығына 13 442 азамат өтініш білдіріп, оның 7 532-сі жұмыспен қамтылған. Олардың 6 688-і тұрақты, 844-і уақытша жұмыс орындарына орналасқан.

Аудан экономикасын одан әрі дамытуға бағытталған жалпы құны 130 миллиард теңге болатын 20 жоба жүзеге асырылуда. Олардың қатарында алкогольсіз сусындар шығаратын «Caspian Beverage Holding» зауыты, «Нью-Йорк кино академиясы (Қазақстан)» креативті индустриялық паркі, «Фаб Инвестмент» өнеркәсіптік-логистикалық паркі, «Novus Polimer» өндіріс зауыты және түсті металдарды қабылдап, қайта өңдейтін «Kyzyr Group» кәсіпорны бар. Әкім бұл жобалар толық іске қосылғанда ауданның өндірістік қуаты артып, жаңа жұмыс орындары ашылатынын жеткізді. Жалпы, Қарасай ауданы Алматы облысының өнеркәсіп өндірісінің төрттен бір бөлігін, яғни 25 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Қазір мұнда 19 ірі және орта өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді. Олардың жетеуі стратегиялық маңызы бар жүйе құраушы кәсіпорындар санатына жатады. Атап айтқанда, «RG BRANDS Kazakhstan», «Coca-Cola Almaty Bottlers», «Pladis Kazakhstan», «Asia Agro Food», «Efes Kazakhstan», «Kagazy Recycling» және «Kelun – Kazpharm» секілді өндіріс орындары аудан экономикасының негізгі қозғаушы күшіне айналған.

Жасұлан Тоққожаұлы шағын және орта кәсіпкерліктің өңір экономикасындағы орнына тоқталды. Бүгінде ауданда 33 мыңнан астам кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, бұл секторда 62 мың адам еңбек етеді. Биыл жаңа бизнес-идеяларды қолдау мақсатында 27 азаматқа жалпы сомасы 46,7 миллион теңге көлемінде мемлекеттік грант берілген. Қаражат дүкен, наубайхана, шаштараз ашуға, жиһаз өндіруге, тігін жабдықтарын сатып алуға және мал шаруашылығын дамытуға бағытталған. Экономикалық белсенділіктің артуы бюджет кірісіне де оң әсерін тигізуде. Әкімнің брифингте ұсынған дерегіне сәйкес, 2026 жылдың тоғыз айында бюджетке түскен салықтар мен міндетті төлемдер көлемі 136,9 миллиард теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 26 пайызға артқан. Қаражаттың өсуі әлеуметтік нысандар салуға, жолдарды жөндеуге және инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Аудан әкімі өңірдегі өзекті мәселенің бірі үшауысымды мектептер жайы екенін, 2022 жылы үшауысымда оқытатын 12 мектеп болғанын атап өтті. Осы бағытта соңғы төрт жылда ауқымды жұмыс жүргізіліп, 13 жаңа мектеп пен 3 жапсаржай салынып, үшауысымды оқыту мәселесі толық шешілгенін жеткізді. Жаңа мектептердің басым бөлігі «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерген. Алдағы уақытта да білім беру нысандарын жаңғырту жұмысы жалғасын табады.

Халық санының өсуі денсаулық сақтау саласына да қосымша міндет жүктеп отыр. Қазіргі таңда ауданда 41 медициналық мекеме халыққа қызмет көрсетеді. Оның 33-і мемлекеттік, 8-і жекеменшік ұйым. Салада 2 500-ден астам маман еңбек етеді. Дегенмен ауданның бірқатар елдімекенінде медициналық нысандар салу және қолданыстағыларын қайта жаңғырту қажеттілігі сақталып отыр. Аудан әкімінің айтуынша, Абай және Үштерек ауылдарында 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға берілген. Қаратөбе ауылындағы 15 адамдық фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы аяқталып, оны қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы жүргізілуде. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Көктоған, Ақсеңгір, Көкөзек және Кемертоған ауылдарында отбасылық денсаулық орталықтары ашылған. Сонымен қатар қазіргі уақытта аудандық көпбейінді орталық ауруханаға 4,2 миллиард теңгеге күрделі жөндеу жүргізілуде. Ал Қаскелең қаласында құны 53 миллиард теңге болатын заманауи перинаталдық орталықтың құрылысы басталмақ. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қаскелең қаласында көпбейінді балалар ауруханасын салу мәселесі қолға алынған. Сондай-ақ құны 9,2 миллиард теңге болатын жұқпалы аурулар ауруханасын қайта жаңғырту жоспарланған.

Қарасай ауданында халықтың көптігі инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымға түсетін жүктемені айтарлықтай арттырды. Әсіресе жаңа тұрғын үй алқаптары мен саяжай массивтерінің кеңеюі ауызсу, электр энергиясы және жол мәселесін өзекті етіп отыр. Бүгінде ауданда 47 елдімекен бар. Су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 755 шақырымды құрайды. Алайда қолданыстағы желілердің тозу деңгейі 70 пайызға жеткен. Бұл – аудан үшін алаңдатарлық көрсеткіш. Осы ретте аудан әкімі ауызсу мәселесіне тоқтала келе, қолданыстағы желілердің тозу деңгейі мен жаңа тұрғын алқаптардағы сұраныстың инфрақұрылымды жаңғыртуды қажет ететінін атап өтті. Оның мәліметінше, Жаңатұрмыс, Қаратөбе, Жармұхамбет және Қайрат ауылдарында ауызсу жүйелерінің құрылысы аяқталған. Биыл Елтай, Шалқар және Кемертоған ауылдарының су желілерін салуға 5 миллиард теңге бөлініп, құрылыс жұмысы жүргізілуде. Елтай ауылындағы су жүйесін жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған. Ал Жібек жолы, Көлащы, Береке және Көктоған ауылдарының ауызсу желілерін қайта жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Сонымен қатар бұрын жекешелендіріліп, тиісті жаңғыртудан өтпеген инженерлік желілерді мемлекет меншігіне қайтару жұмысы жүргізілген. Нәтижесінде 56 су мұнарасы мен 37 шақырым су құбыры желісі «Таусамалы қызмет» мекемесіне өткізілген.

Электрмен қамту саласында да бірқатар жоба қолға алынған. Аудан басшысының баяндамасында келтірілген мәліметке сәйкес, 2025 жылы Батан, Елтай, Исаев және Бекболат ауылдарындағы электр жүйелерін жаңарту жұмысы толық аяқталған. Жоба аясында 36,6 шақырым желі тартылып, 24 қосалқы трансформатор орнатылған. Биыл «Алатау жарық компаниясы» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасы шеңберінде 504,9 миллион теңгеге электр желілері жаңғыртылуда. Көксай, Іргелі және Жібек жолы ауылдарында 595 электр бағанасын ауыстырып, 7,6 шақырым желіні жаңарту көзделген. Ал 2028 жылдың соңына дейін ауданның 12 ауылы мен Қаскелең қаласында 145,5 шақырым электр желісін қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Бұдан бөлек, кезінде жекеменшікке өтіп кеткен инженерлік-коммуналдық нысандарды мемлекет меншігіне қайтару нәтижесінде 249 трансформаторлық қосалқы станса ауданның электрмен жабдықтау жүйесін реттеуге мүмкіндік берген. Олар «Алатау жарық компаниясының» сенімгерлік басқаруына беріліп, тұтынушылардың дербес шоттары ашылған.

Аудандағы жол жайы да тұрғындар жиі көтеретін өзекті мәселенің бірі. Қазір аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1 547 шақырымды құрайды. Оның тек 34 пайызы ғана қанағаттанарлық жағдайда. Сондықтан жол сапасын жақсарту жұмысы кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Жасұлан Тоққожаұлы жол инфрақұрылымын дамыту мәселесі де назардан тыс қалмайтынын жеткізді. Оның айтуынша, 2026 жылы 21 елдімекеннің 77 көшесін жөндеуге бюджеттен 2,8 миллиард теңге бөлінген. Осы қаражат есебінен 68 шақырымнан астам жолды қалпына келтіру көзделген. Сонымен бірге республикалық және облыстық маңызы бар жолдарды кеңейту мен қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Соның бірі – «Алматы – Бішкек» автожолының 19–27 шақырым аралығын төрт жолақтан сегіз жолаққа дейін кеңейту жобасы. Құны 33,9 миллиард теңгені құрайтын жоба аясында екі деңгейлі екі жолайрық пен тоғыз жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынады. Бұл жұмысты 2027 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

Қоғамдық көлік қатынасы да біртіндеп кеңейіп келеді. Қазір аудан аумағында 35 автобус бағыты халыққа қызмет көрсетеді. Оның 25-і соңғы үш жылда іске қосылған. Әлеуметтік маңызы бар 18 бағыт облыстық деңгейде, тағы 7 бағыт аудандық деңгейде жергілікті бюджет есебінен субсидияланады.


Ауданның аумағы кеңейіп, саяжай алқаптарының елдімекендер құрамына енгізілуі де инфрақұрылымды жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Бүгінде Қарасай ауданында 206 саяжай массиві тіркелген. Оларды елдімекендердің шекарасына кезең-кезеңімен қосу жұмысы жүргізілуде. Тұрғындардың қауіпсіздігі мен қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру да назардан тыс қалмаған. 2025 жылы Береке ауылында жаңа өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілсе, биыл шілде айында Жібек жолы ауылдық округінде заманауи өрт сөндіру депосының құрылысы аяқталған. Оның құрылысына 818 миллион теңге жұмсалған. Бұл нысандар халық тығыз орналасқан елдімекендерде төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін арттырады.

Мәдениет саласына да айрықша көңіл бөлінуде. Биыл Жібек жолы ауылында 200 орынды Мәдениет үйі пайдалануға берілді. Әйтей ауылында дәл осындай 200 орынды мәдениет ошағының құрылысы жалғасуда. Бұған қоса, Қаскелең өзенінің жағалауын абаттандыру, «Наурызбай батыр» ескерткішінің аумағын көркейту жобалары әзірленіп, тиісті бюджеттік өтінімдер ұсынылған.

Брифингте сөзін түйіндеген Жасұлан Естенов басты міндет өңір халқының жайлы тұрмысына жол ашу екенін айтты. Өйткені ауданның дамуы тек жаңа кәсіпорындар мен тұрғын үй кешендерінің санымен емес, сол аумақта тұратын халықтың сапалы білім алуы, медициналық көмекке қол жеткізуі, таза ауызсу тұтынуы және қауіпсіз жолмен қатынауына жасалған жағдаймен бағалануы тиіс. Осы реттегі игі істер жалғаса бермек.

СЫБАНҚҰЛ ҚАЛБАСҰЛЫ – 160

Ұлттың ұлылығын, кеңдігін, кемелдігін көрсететін – рухани құндылығы. Осы екі ұлы ұғым – елдің іргетасы. Іргетас не десеңіз, жаралғаннан қанаттасып, бірге жасап келе жатқан салт-сана, әдет-ғұрып, өлмес өнер, халықтың жаны – тіл мен діл және дін. Мұның бәрі әлгі құндылықтың білеу-білеу қан тамырлары. Сол тамырды үзіп алмай, үздіксіз ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқан ұлттың ойлы зиялылары, ақылы асқан данышпандары, дара туған, айрықша бөліп айтар асылдары. Олар – мыңның бірі, жүзден топ жарып, көз ұшына шыққан өкпесі өшпес өрен жүйріктері. Олар сансыз емес, санаулы. Санаулыны саралай алу, адаспай тап басып тану – бізге парыз.



Күй – ұлығыр

Тәубе, ел болғалы ұлтым деп жаралған жаны таза, қаны кіршіксіз тұлғалар түгенделу үстінде. Ортамызға әр қырынан танылып, оралып та жатыр. «Е, бәсе, тақыр жерге шөп шыққан ба, бар екенбіз ғой!» дедік. Дедік те, «ұранға» қарап «ұлып», бұрын не істеп жүргеміз?» деп, несін жасырамыз, өткен мен жаңаның дұрыс-бұрысын болжай алмай тұрған кездер де аз болмады. Батпандап кірген саясат табы, қайдан бірден шыға қойсын?! Толқытты да жалтақтатты.

Бірақ ары таза, жоғалтары жоқ қара халық елдік ұғымға бірден табан тіреді, бет бұрды. Үміттері үлкен, сенімдері зор еді. Селкеу ойдан, күңгірт күдіктен ада еді. Сол кезде біразымыз «сара» жолдан ат басын шын бұрып, тәубемізге келіп: «Қолымды мезгілінен кеш сермедім, Бұл махрұм қалмағыма кім жазалы, қолымды дөп сермесем өстер ме едім?» деген Абай сөзіне жығылдық.

«Өнер-білім бар жұрттар, Тастан сарай салғызды» деп кеш қалмайық, эттең: «Қатарың кетті-ау алысқа-ай», – деп алып, талпыналық, ұмтылалық, артқа емес, ертеңге қаралық: «Біз надан боп өсірдік, иектегі сақалды... Біз болмасақ, сіз барсыз» деп жастарды қамшылаған Ыбырай Алтынсариннің даналығына бой ұрдық. «Анау қырда татар тұр, Басқалармен қатар тұр. Мынау ойда қазақ тұр, қастарында азап тұр. Ұйқысы көп, ояу аз, бұл не деген ғажап түр? Бұл ұйқысын ашпаса, надандықтан қашпаса, басқаларға мазақ тұр» деп түртпектеген Сұлтанмахмұт Торайғыровтың есіңді жиғызар ескертпесі көбіміздің санамызға сарт ете түсті-ау, шамасы. Ес жия бастадық.

Елдіктің алғашқы жылдарындағы рухтың оянуы, санадағы серпіліс, биікке ұмтылыс, келешекке құлшыныс, кеудені керген мақтаныш, несін айтасыз, әр қазақтың аузында, көкейінде күйдей күмбірлеп-ақ тұрды. «Ойдағымыз болды! Ортамыз толды! Төбедегі келді! Төрелескенде де ренжитін ретіміз жоқ. Тек ұзағынан сүйіндіргей! Ақ жолдың алдындамыз! Үлкен тілектің үстіндеміз!» – деген Әбіш Кекілбайұлының құсқанатты асқақ үні жүректі серпілтті. Тыныстыны ашты, бұрма ой, алда айтқандай жалтақтық ат-тонын ала қашты.

Дәл қазір, ғасыр алмасқан тұста, еңсе тіктедік деп жүрген жылдар ішінде сол ұлылар ұлағатын толық орындап, айтқандарын ақиқатқа айналдыра алдық па? «Ұлт жұмысы – үлкен жұмыс» деп еді Ахмет Байтұрсынұлы. Жүсіпбек Аймауытұлы: «Ойланыңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр» десе, «Кешегісін ұмытқан, бүгінгісін сезбеген, ертеңгісіне қайғырмаған адам кімге басшылық қылады?» – дейді Міржақып Дулатұлы.

Бұл ұлылар сөзін термелеуіміз де тегін емес. Әлі де іс іркіліп, сөз бұйдасында келе жатқан тұстарымыз жоқ емес, бар. Шіркін, алаштықтар-ай, үстем күштен үрікпей, қасқайып тұрып айтарын айтып, ұлтқа адал қызмет етудің үлгісін көрсетті емес пе? Бізге осы жетпейтін секілді ме, қалай?

Бардың бағын жандыру – ұрпақтарға жүктелген енші. Ойлы ұрпақ мұны сусыған құмнан алтын іздегендей, судан алтын сүзгендей, шама-шарқына қарай атқарып келеді. Соның нәтижесінде жұқа тарих қалыңдады. Бұрын елеусіз қалған, пиғылы жат деп жолатпаған ұлт жақсылары жыл құсындай оралып, қайта қауышып, мерейімізді өсірді. Бұл ұраншылдықтан құтылып, ұлттық бет-бейнемізді танып-білуге, өзіндік даму өркениетіміздің бар екеніне, кіммен иық тірестірсек те ұялмайтынымызға қол жеткізген – Азаттығымыз!

Соның нәрлі нәтижесі. Оны қара бастың қамынан жоғары қойып, елдікке адал қызмет ету – әр арлы қазақтың міндеті. Кейде мәселенің мән-мағынасына, түп тамырына тереңдеп бармай, билікшілдікке бой алдырып, адырайып қарайтындардан арыла алар түріміз, қазірше жоқ-ау!

Бұл жолда мынау ірі, мынау кіші деп бөлмей, бәрі болашаққа, ұрпаққа керек десек, ұтылмас едік. Бірақ кегежектеп қалатын тұсымыздан айылымызды жимай, боладымен сілеңді қатыратын әттеген-айлар баршылық. Шығарып салма сөзбен, ұлт ісінің мысқалдайының да мысын басуға болмайды. Мұндайда баяғы ұзын арқан, кең тұсауға салып, «көш жүре түзеледімен» қол қусырған болып, құтыла салу, күнә. Иә, бүгін құтылдық, ертең алдымызға көлденең тұра қалса, мен – ақ едім, қара – анау демік бе? Асығып қайтеміз, бәрінің бағасын келер ұрпақ береді, тарих таразыда теңшейді. Бұлай деудің де себебі жоқ емес, бар. Ол – тақырыпқа қатысты мақсат-міндеттердің жүзеге асса деген арман-аңсарлардың кейде аясы тарылып, ауқымы кішірейетін еді.

Елдіктің жемісі, әдемі көрінісі – Тәңіртау баурайындағы Қарқара аймағын мекен еткен жұрттың қайта жаңғырған ән-күй өнері еді. Күй өнері дегенде телқоңырдай екі алып өнерпаз ойға оралады. Бірі бүкіл қазаққа аты мәшһүр Қожеке Назарұлы болса, екіншісі – Сыбанқұл Қалбасұлы, ал кеуде-жады кемел күйші Омархан Керімқұлов пен болмысы бүтін, ой-өлшемі биік, зерделі зерттеуші, қара домбыраның қасиетін, киесін қарғадайынан ұққан ұл Базаралы Мүптекеевтің жөні бөлек. О.Керімқұлов Сыбанқұл мұрасын сап алтындай сақтап келсе, Мүптекеев хатқа (нотаға) түсіріп, халыққа жеткізді. Бұлар күй өнерінің сақлақтары болса, ән өнерінде Садықожа Мошанұлы мен Қапез Байғабылұлы бастаған шоқтықты шоғыр өз алдына бір әлем еді.

Ендігі сөзді Қалбасұлына қатысты өрбітелік. Сыбанқұл туралы біз бала кезімізден көп естіп өстік. Аңыз адамдай көрінетін. Ол қазақ жерінде өмірге келіп, зорлықшыл зобалаң заманда, шекара асып, бас сауғалаған жақта бақилық болған.

Сыбанқұл сөйлейтін сөзін күймен жеткізетін еді дейтін көзін көргендер, өнеріне куә болғандар. Малдас құрып отырып, екі тізесін кезек қозғап, екі жағына теңселгенде төрден есікке, есіктен төрге сырғып, бір тыным таппайтынын, естіген әңгімесін күй тілімен жеткізетін жыраудай еді, біреулер сынап көру үшін күй арна десе іркілмейтінін, үлгі әңгімені күй етіп күмбірлетіп жіберетінін үлкендер жағы тамыз таңындай тамылжытып айтатын. Домбыраның құлағында ойнап отырғанда қанша тіл қатсаң да қайырылмайды екен. Күйді аяқтаған соң ғана сөзге құлақ тосып, жауап беретін болған.

«Апыр-ай, – дейтін Бәйтеке әкеміз, – жады мықты еді. Күй тартып отырғанда айтқан сөз есінде қалмаған шығар десең, күй біткен соң қойған сұрағыңа жауап береді, айтылған әңгімелердің желісіне жаңылмай тоқталады. Күй құдіретін ұқтырып, ұйытатын. Оның күйлерін ол кезде кім санады дейсің. Бүгінгідей техника болғанда, жазып алып, қағазға қаттап отырғанда күй санынан рекорд жасар ма еді, қайдам. Мен Сыбанқұлдың осындай кереметін айтсам, кейбір азаматтар сене қоймайды. Көтере қырқу емес пе дейді. Жамбыл – өлең сөздің жырауы болса, Сыбанқұл – құдіретті күйдің жырауы еді десем, артық айтқандық болмас. Ондай адам енді туар ма екен? Күй жырауы дегенді жұртқа қалай жеткізер екенсіңдер?» – дейтін.

Сыбанқұл туралы осындай тереңнен тамыр тартып, әңгіме қозғайтын көнекөздер қазір жоққа тән. Амал не, салғырттық пен салақтық желімдей жабысып, кеуделері күмбірлеген үлкендер барда көп құндылықтан құр қалғанымызды қайтерсің. Иә, біз секілді аз-кем естігендер, кейде соны ала-құла әңгімеге арқау етіп, ыңғайы келсе мен ғана білемдікке салып, тіпті қол иініне тарта салатын жайларымыз да жоқ емес. Ел ісі мен ұлт жұмысында бар қазақ – бір қазақ, бір қазақ – бар қазақ болса, бір тілекке ұйыса ғана мұратына жетпек.

Ғұлама Ақселеу Сейдімбекке бақсақ: «Кез келген ұрпақ – өзі ғұмыр кешкен кезең үшін өткен мен болашақ арасының жанды көпірі. Сол жүктің сабақты жібіне дейін қалдырмай болашаққа қол жалғау – жер басып жүрген тірілердің ең киелі міндеті», – деген екен. Міне, осы міндетті мінсіз атқару, сөйтіп, ұрпақ алдындағы істі іркіттей ірітпей, мейіздей таза қалпында кейінгі жасқа аманаттау жүгі осал болмаса керек деп білемін.

Сыбанқұл күйлерін жеткізушілердің көшбасында бауыры – Шіде Төлендіұлы тұр. Шіденің өзі де жанынан күй шығарған. Ол туралы аңызға бергісіз әңгімелер аз айтылмайтын. Содан арқау есіп «Шіде» деген шағын әңгіме жазғаным бар. Санасы сергек ел ағасы, жұрт кісісі санатындағы, қара сөздің майын тамызған Дабайдың Сағаты, басқа да ағайын-туыстар – Ысқақұлы Адықтан, Тәжіұлы Бәйтекеден, Мәмет баласы Молдажаннан, Молдабайұлы Оразақыннан, өз әкем Байбабадан, өзге де үлкендерден талай сабақты сөз естідік. Сағат, Бәйтеке ағалардың Шіде туралы байламдарын еске түсірер болсақ, Сағат аға «Оның көзі майып болғанмен, көңіл жиегі ешкімнен кем емес, дара дарын иесі, қолына домбыра берсең шежіресін айта отырып шерткенде төбе құйқаңды шымырлататын еді», – дейтін.

Бәйтеке ағаның: «Бір жолы Кішіқұштайдан Үлкенқұштайға еңістеп келе жатсам, Шіде алдымнан шыға қалды. Көрмейді ғой деген пенделікпен салып ұрып өте шықпақ едім, «Әй, Бәйтеке, сәлемің сатулы ма, әлде сынап, әлде қорлап барасың ба?!» – дегенде аттан ауып түсе жаздадым. «Кешіріңіз!» деп қолына жабыстым. «Есіңде болсын, менің айтушым бар, жол көрсетер кісім бар», – деп қамшысын ердің қасына тіктеп, тұйықталған басына иегін тіреп тұрған Шіде бурылдың тізгінін қағып қалғанда, ат алға ұмтылып, майда желісіне салып, жүріп кетті. Үлкендер: «Шіденің жанары кем болғанмен, иесі бар» дегенге осы жолы көзім жетіп, бір сәттік қараулығыма қапа болдым. Одан кейін ағаның алдын қиып өтпедім, көш жерден көрсем, таяп барып ізет танытумен болдым», – дегені ойға оралып отыр. Қазір бұл асылдардың бәрі де о дүниелік.

Қалбастың бір баласы Жантайдың ұлы Жұмәділ де өнерлі жан еді. Адалдығы мен ақ көңілдігі ел аузында жүретін. Бала кезімізде тірлігінің шет-жағасын көрдік, зілсіз сөздерін естідік, көңілді сәттері еміс-еміс көз алдымнан өтеді. Ол кісі туралы Мәметұлы Тоқтасын тәтем: «Ылғары Жүкем, ақ пейіл Жүкем!» дегенді сөз арасына жиі қосатын еді. Сыйластығы өз алдына, қарайлас болса керек. Ол кездегі замандастардың, қатарластардың сыйластығы, әзіл-қалжыңдары бөлек болатын. Көрген, куә болған бізге ол қиял емес, ақиқат еді.

Жұмәділ Сыбанқұлдың елуден артық күйін тартқан. Оның ішінде өз туындылары да болған болар. Даңқы дәуірлеп шыққан күйші әкесінің (Жантай Сыбанқұлдың інісі) абыройы аса берсін деген шығар, «менікі, оныкі» деп бөлектенбеген. Бұл Сыбанқұл күйлері деп тартқан. Ағайын арасының бүлінбейтін бүтіндігі осындай кеңдіктен тамыр тартқаны ақиқат. Қазақтың берекебірлігінің алғашқы баспалдағын да, тұнып аққан бастау басын да содан іздесек, қане?

Ұлт құндылығы ұрпақтар сабақтастығымен ұштасқан, оны ақыл-жадында сақтап жеткізу бұлжымас темірқазық дәстүрге айналған. Алдыңғы толқын оны кейінгіге мұра етіп қалдырып отырған. Бұл арқауын үзбеген алтын желі десек, қателеспейміз. Қазақты үстемдіктің сан түрлі соқпа бұрқасындарынан, саясаттың сұрқай сұмдықтарынан сақтап, елдіктің тұғырына қондырған сол алтын желі екеніне кім шүбә келтірер дейсіз. Соның бір куәсі, музыкалық білімі болмаса да, ондаған өнер иесінің туындыларын жадында сақтап, қалыбын бұзбай жеткізген, өткен жылы тоқсан жылдығы аталып өткен дәулескер күйші Омархан Керімқұлов еді. Ол тартқан күйлер жүректі тербеп қана қоймайды, тарылған тынысыңды ашады, ойыңа от тастап, бойыңа қуат береді.

Мен Омарханды бала кезімнен білетін едім. Оның 120 күйді кірпік ілмей, қыстың ұзақ таңында талмай тартқанын көзбен көріп, құлақпен естідім. Иә, маған күңгірт көрінгенмен, үлкендер жағының Қожекені қозға, Сыбанқұлды төрге оздыр, Қосдәулет Нұрмағанбетұлы «Шертпесін» шерт, «Арманына» кезек бер, Рақыш (Қожекенің ұлы) пен қырғыз Асанәліні еске түсір – осы тақылеттес сөздер әлі күнге құлақ түбінен кетер емес. Болмасам да ұқсап бағуға талпынғам. Құдай бермегенді тартып ала алмайды екенсің. Қонбады, дыңғырлатудан аса алмадым. Есесіне, күй туралы қалам тербеумен келем. Университетті бітірер кездегі дипломдық жұмысым қазақ күйі туралы болды. Жетекшім қарсы шықанда, совет заманында-ақ кемелдігін көрсете алған шын қазақ, ой өлшемі өрісті, ұлт ісі дегенде ішкен асын жерге қоятын Совет Масғұтов аға табандап отырып бекіттіріп беріп еді. Ол кездегі батылдық пен бүгінгі мықтылықтың арасы жер мен көктей ғой.

Омархан Керімқұлов туралы бірнеше мақала жаздым. Бастысы ол тума талант еді, жады мықты жан еді. Ол «тірілткен» дүниелер, өмір бойы есте қалар есімдер аз емес. Ал Сыбанқұл Қалбасұлын қатарға қосқан қайраткер кім десе, оның күйі мен күйге қатысты дерегін қос ішектей қатар қозғайтын Омархан деп айтуға қақылымыз. Зерделі қос азаматымыз Базаралы Мүптекеев пен Сағатбек Медеубекұлы шығарған «Жетісудың күйлері», «Жетісу әуендері» қолға алынған тұста Базаралымен күй туралы ой бөлісетін едік. Ол кезде Базаралы студент еді. Мен «Егеменде» қызмет етем. Бір күні өзі қағазға түсірген Сыбанқұлдың «Үш аққуының» нотасын әкеліпті. Ермұрат Үсеновке көрсеттім, ол сауатты, төселген жігіт қой, жетілдіру жөнінде бағыт-бағдар берді. Екі жігітіміз жанкештілікпен, қысқа мерзімде дайындаған алдағы екі кітаптың жарық көруіне көрнекті ақын Нұрлан Оразалин мен қайраткер қазақ Алтынбек Сәрсенбайұлы, баспагер Әшірбек Көпіш ерекше қолдау көрсеткенін айтуға тиістіміз. Тоқсаныншы жылдардың (1998) аласапыранында олардың демеуінсіз кітап шығару мүмкін емес еді.

Қайталап айталық, Сыбанқұл – тәңір берген талантымен жұртқа күйден шашу шашқан өрен жүйрік. Оның сөйлер сөзі, айтар тілегі, алар тынысы күймен ұштасып жатқан. Кезінде Сыбанқұлдың аңыз күйлерін тыңдаған бірер азамат бұл шығыстық өнер иелеріне тән, Жетісудан алшақ деген байламын алға тартқанда, арғы бет пен бергі бетте аралас-қоралас жүрген қарға тамырлы қазақтың барыс-келісіндегі естігендерін Сыбанқұл күй тіліне көшіргенін, зиялы қариялардан естіген-білгендерімізді, Омарханның қолмен қойғандай етіп айтқан бұлтартпас дәлел-дәйегі мол әңгімелерін алға тартқанымыз бар. Сөзге тоқтаған жұрттың ұрпағымыз ғой, кейін оған нүкте қойылды.

Сыбанқұл күйлері сан-салалы, әуезі де әрлі, ырғағы да баурап отырады. «Үш аққуды» күй төресі десек, асырып айтқандық емес. Әдебиет пен өнерді, оның ішінде күй өнерін жетік білетін академик Рахманқұл Бердібай ағамыз айналымға кейін қосылған Қарқара өңірінің күйлеріне сүйсініп қана қоймай, Сыбанқұлдың «Үш аққуын» түгел тыңдап болған соң «Талай күйді естіп, талай күйшіні көріп едім, мынау бөлек әлем» деп тамсанып, Қожекенің жалғыз қара емес, ізбасары болса керек деп жүргенде, ол үмітінің ақталғанын бүгін қалмап еді.

Расында, «Үш аққуда» аққудың тағдыры ғана емес, адам тағдыры, күйші тағдыры да жатыр. Бұлай деуімізге себеп, өткен ғасырдың басындағы дүрбелең, ақ пен қызылдың шапқыншылықтары Қарқара жұртын тығырыққа тіреп, бас амандығы деп атақонысын тастай қашуға әкелді. Әскерге бала бермейміз дегендерге қырғидай тиген. Сол сапырылыста Сыбанқұлдар да шекара асқан. Ол жақта да қашқын атанып, қалмақтың талауына түскен. Осы тозақ отын аққу аңызына сүйеп баян еткен секілді. Оған «Аққудың атамекенінен кеткені», «Аққуды бидайық құстың қуғаны», «Аққудың балапандарын аймалауы» деп келетін күй аттары да аңғартып тұрғандай.

Қалай десек те, осы сабақтас үш күй әлі де болса сан түрлі аспапта жетілдіре түсуді қажет ететіндей көрінеді де тұрады. Оның әдемі алғышарттары жасалу үстінде. Шіркін, Нұрғиса Тілендиевтей таланттың қолына түссе, бұдан да керемет ырғақтар жан-жүйемізді баурайтынына иманымыз кәміл. Бұл тұжырымды кезінде айтулы ғалым Рахманқұл Бердібай да айтып қалғаны бар еді.

Жалпы, Сыбанқұл күйлерінің қай-қайсы да тақырып жағынан алғанда күй жырауы екеніне көз жеткізетіндей. Өнер атты ғылымымыздың басында тұрған Ахмет Жұбановтың айтқанына ден қойсақ, ол естігенін, көргенін бірден күй тіліне, «домбыра сөзіне» (А.Жұбанов) түсіріп отырған. Оған аңыз желісіне құрылған «Жалғыз көзді әулие», үш тақырыптан тұратын «Жиренше шешен» және «Тазша бала», сол секілді кездесті ме, кездеспеді ме ол жағын тап басып айту қиын, бірақ оқиғаны естіп шығарған туындысының бірегейі – Түсіпхан ақын туралы «Қоштасу ән-күйі», «Түсіпханның зары» сүбелі дүние.

Сыбанқұл күйлерін Омархан Керімқұловтан алғаш жазып алып нотаға түсірген, Жетісу күйшілік өнерінің ғылыми негізін салған азамат, күй әлемінің білгірі, менмен дегеннің талайын мойындатқан, соның бір мысалы ЮНЕСКО-ның Қазақ еліндегі, ол аз десеңіз Орталық Азиядағы тұңғыш өкілі, өз Отанында, шетелдерде экспедицияда болып қыруар мұра қалдырған, бүгінде орны ойсырап тұрған дарынды ғалым Базаралы Жұмағұлұлы Мүптекеев еді. Жер басып жүрсе, алдағы жылы ағалық жас алпысқа келер еді. Шераға – Шерхан Мұртаза айтпақшы, «Бір кем дүние».

Ол өмірден озғанннан кейін, жылына қарай Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінде Базаралының рухына арналған халықаралық конференция өтті. Оған Оңтүстік Кореядан ЮНЕСКО-ның Тынық мұхит және Орталық Азиядағы материалдық емес мәдени мұраны сақтау жөніндегі орталық директорының орынбасары, доктор Сенг-Енг Пак қатысып, Базаралы бауырымыз туралы бағалы сөздер айтып: «Жинаған қолжазбасын кітап етіп шығаруға, үнтаспасын таратуға материалдақ, моральдық қолдауға әзірміз», – деп қажетке жарататын қаржы тарту етті. Азаматымызды бағалаған азаматты шаңырағымызға шақырып, ата салтпен құрмет көрсетіп едім. «Қазақ өнерінің дарағы – дәстүрлі музыка» – дейді Сенг-Ен Пак» атты тақырыппен сұхбат «Егемен Қазақстанға» (22.X11.2016) шықты.

Ол – ғылым кандидаты еді. Зерттеу жұмысын қорғауға ұмтылып жүрген. Сол түста ғылыми атақты қорғау жұмысын оңтайландырамыз, әлемдік үрдістен қалуға болмайды деген бір науқанның шеті шығып, абыр-сабыр жүріп жатқан. Базаралы Алматыдан телефон шалып, ғылыми жұмысын қорғаудан алып тастағанын айтты. Бар мәселені шешетін Білім және ғылым министрлігі екенін жеткізді. Сұрастырсам, тұтқа министрлік құрамындағы білім мен ғылымды бақылайтын жоғары аттестациялық комитетте екен Төрағасы Найман Бөбейұлы Қалабаев деген азамат болатын. Түсінігі мол, кең пішілген жақсы кісі еді. Алдына бардым. Қызметкерлеріне тапсырма беріп, Базаралының барлық құжатын алдырды. Себебін сұрады. Жұмыс қазақ тілінде жазылған. Жетекшісінің пікірі орыс тілінде екен. Найман Бөбейұлы қармағындағыларға бір-екі бет пікір үшін бүкіл жұмысты жарамайды деу – қателік деп, кешіктіре бермей қорғауға жіберуді тапсырды. Сөйтіп, Базаралы өнертану ғылымының кандидаты атанды. Нағыз толысқан шағында, қырықтың қырқасынан асып, елуге таяғанда өмірден озды. Осымен Базаралы туралы айтар ауқымды сөздің тоқтамын алдағы, келер жылдың еншісіне қалдырайын.

Бұл арадағы негізгі айтпағым, зерделі зерттеуші Базаралы қазір қатарымызда жүргенде Жетісу күйлерінің құпиясына тереңдеп барып, тынысын ашары, тың идеялар ұсынары хақ еді. Астанаға жұмыс ауыстырғаннан кейін жиі араласып, ой бөлісіп жүрдік. «Жетісудың күйлері» деген кітаптың асығыстау дайындалғанын, кейбір күйлерді студент кезінде жазып алғанын, ол кезде тәжірибесінің аздау болғанын, біраз дүниелердің аты ойланта беретінін, тартылу табиғатына қарай өзгерткеннен ұтылмайтынымызды, әсіресе Сыбанқұл күйлеріндегі қысқа қайырымдарды жетілдіру ниетінің барын жиі айтып жүретін. Омархан Керімқұлов орындаған 120 күйдің жартысы ғана қолға тигенін, толық болғанда ғой деген өкінішін алға тартқанда, шаралы жанарын алысқа қадап, қарақошқыл жүзіне қан жүгіріп, нұрланып кеткендей көрінетін.

Ол қаншама таланттың көзін ашты. Солардың бірегейі, жоғарыда да еске түсірдік, Омархан күйші екеуі қатарға қосқан Сыбанқұл Қалбасұлының жауһар туындылары еді. Тірі жүрсе ол Сыбанқұл күйлерінің әрқайсысына ойлылықпен оралып, әр күйге біз секілді болжаммен емес, сауаттылықпен ішкі иірімдеріне үңіліп, бүкіл құрылымына жете мән беріп, қайыңға қаққан болат шегедей, балталасаң бұза алмайтын ғылыми тұжырымды тиянақтар еді.

Сыбанқұл қарулы адам екен. Орта шаруа болыпты. Негізінен бар тірлігі – өнер жолындағы серілік, халықты күймен баулау. Қолы ауыр екен. Үрса ұшырып түсірген. Тортөбел деген жүйрік аты болыпты, бәйгенің алдын бермепті. Сол аты тарықтырмапты. Қай заманда да өнерліге шыр біте қоймаған ғой. Қазір уақытқа қарай, бүгінгі кей азаматтарға керісінше болу керек.

Бүкіл ғұмырын күй өнеріне арнаған, қайда жүрсе де қолынан домбырасын тастамаған, жоғарыда да айттық, «маған сөзден гөрі, айтар ойымды күймен жеткізген жеңіл» деп өткен күйші-жырау домбыра сөзінің иесі Сыбанқұл туралы жеке мақалаларды айтпағанда, «Жетісудың күйлерінде» (1998 жыл), А.Сейдімбектің «Қазақтың күй өнерінде» (2002 жыл), «Қазақтың дәстүрлі 1000 күйінде» (2009 жыл), «Қазақ күйлері антологиясында», «Омархан күйші – саумал шертпенің шебері» (2011 жыл), (2019 жыл), С.Медеубекұлының «Күй күмбірлеп, ән шалқығанда...» (2022 жыл), «Жетісудың жампоз күйшісі» (2025 жыл) атты кітаптарда жан-жақты қамтылып, мол мағлұматтар берілген.

Ал оқығаны да, тоқығаны да көп, Алаш рухты Ақселеу: «Қожекеден тікелей тағылым алған Сыбанқұл ұлы дәстүрді жалғастыра алған ең дарынды шәкірттерінің бірі болған. Ол – Жетісудың күйшілік дәстүрін шабыт тұғыры ете отырып, өз жанынан күй шығарғанда өзіндік дара қолтаңбасын айғақтай білген дарынды күйші. Оның күйлері қызықты оқиғаларды арқау ете отырып, сол оқиғалардың өрбуіне орай тарам-тарам болып таратылады. Яғни, оқиғаны күй тілімен бейнелеудің майталман шебері болған», – деп белгілі туындыларын дәйекке келтіреді.

Осы жерде еске түсіп отыр, Қарқара өңірінің күйлері орнығып, бар екенін көрсеткенде, Ақселеу аға: «Албан бауырларда күйші жалғыз Қожеке ме десем, мықтылар көп екен. Тек кеш қамқаракет жасағансыңдар. Сыбанқұлдың «Үш аққуы» – классика! Жетілдіре түссе, бағы жанғалы тұр. Зерделі зерттеу де жетпей тұр» деп еді. Осы бағаға, осы байламға алып қосар не бар, тек ұлы Ахмет Жұбанов секілді, одан тәлім алған Нұрғиса Тілендиевтей бір кемел кейіндеп қатарға қосылған Қарқара күйлерінің бағын ашса, өкілдерін қыран тұғырындай тұғырға қондырса деген арман-аңсар көкейде күмбірлеп тұр. Көкейдегі күмбір Қазақ елінің көгін түгел қамтыған күй күмбіріне ұласса, ұлт өнерінің берекебірлікке ұйыған ұлы көшінің салтанаты арта берері ақиқат!

Сүлеймен МӘМЕТ,
журналист-жазушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

Қазақстандағы тұрақтылық пен келісім қоғамдағы ынтымақ пен теңдіктен, өзара сенім мен құрметтен бастау алады. Сондықтан еліміздегі барлық этнос өкілінің ана тілі мен мәдениетін дамытуына толық жағдай жасалған. Қоғамдық тұрақтылық пен этносаралық қатынастарды нығайту бағытындағы ұйымдастырылған түрлі шараларға этномәдени бірлестіктер белсене қатысып, өздерінің салт-дәстүрі мен мәдениетін дәріптеуде.

БІРЛІКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Сондай шараның бірі – Алатау қаласы «Жетіген» шағынауданында өткен славян мәдениетінің «Ұлы дала славяндары» атты фестивалі. Мақсаты – славян халқының бай мәдени мұрасы мен ұлттық құндылықтарын дәріптеу, этносаралық достық пен өзара түсіністікті нығайту.

Фестиваль барысында қатысушылар славян халықтарының салт-дәстүрлері, ұлттық тағамдары, тұрмыстық бұйымдары, халықтық қолөнері, ұлттық киім үлгілері мен мәдени мұрасын қамтыған мазмұнды әрі көркем безендірілген тақырыптық көрмені тамашалады. Түрік этносының өкілі Зулейха мен оның алты жасар қызы Анисса славян мәдениетінің бай мұрасы мен өзіндік ерекшелігін көпшілікке үлкен қызығушылықпен әрі құрметпен таныстырды. Ибрагимовтар отбасының бұл шараға белсене атсалысуы – салт-дәстүрге деген шынайы сүйіспеншіліктің шекарасы жоқтығының айғағы әрі этносаралық достықтың, өзара құрмет пен мәдени бірліктің жарқын үлгісі.

Фестивальде Алатау қаласы әкімінің орынбасары Гүлбану Несіпбаева Алатау қаласын мекендеген этнос өкілдері жаңа шаһардың дамуы жолында бір отбасындай еңбек етіп, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқанын атап өтті. Бірлікті сақтау арқылы ел болашағын баянды ететінімізді, қастерлі Отанымызда түрлі мәдениеттердің үйлесім тапқаны біртұтас ұлт болып ұйысуымыздың басты қағидаты екеніне баршаның назарын аударды.

Келесі кезекте облыстық «Қоғамдық келісім» мекемесінің Алатау қаласы бойынша жетекші сарапшысы Ғабит Сембиев этностар арасындағы достықты нығайтып, еліміздегі қоғамдық келісім мен бірлікті сақтауға ықпал ететін шараның маңызына тоқталды.

– Бүгінгі фестиваль – өзіндік ерекшелігі мен қоғамдағы орны бар үлкен шара. Этномәдени бірлестіктер түрлі форматта іс-шаралар өткізіп, өздерінің ғана емес, мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін де этнос өкілдеріне үйретіп, насихаттауда. Сол арқылы этностар арасындағы достықты нығайтып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және еліміздегі қоғамдық келісім мен бірлікті сақтауға ықпал етеді. Осындай игі істерді этномәдени бірлестіктермен жұдырықтай жұмылып, тізе қоса отырып атқарып келеміз, – деді жетекші сарапшы.

Ғабит Сембиев Қазақстан халқының мәдени дәстүрлерін дәріптеуге үлес қосқан және фестивальді ұйымдастыруға атсалысқан бірқатар азаматқа «Қоғамдық келісім» мекемесі басшысының Алғыс хатын табыс етті.

Алатау қаласы

ДЕНСАУЛЫҚ

АИТВ-ның алдын алу

АИТВ – бүгінгі күні емделетін, бірақ толық жазылмайтын созылмалы ауру. Сондықтан оны емдеуден гөрі алдын алу әлдеқайда маңызды. Қазіргі медицинада АИТВ жұқтырудың алдын алудың екі тиімді жолы бар: байланысқа дейінгі алдын алу және байланыстан кейінгі алдын алу. Көп адам бұл екі ұғымды шатастырады.

Байланысқа дейінгі алдын алу, бұл – АИТВ жұқтыру қаупі жоғары адамдардың байланысқа дейін алдын ала дәрі ішуі. Бұл дәрі ағзада жиналып, вирус түскен жағдайда оның көбеюіне жол бермейді. Дәрі жыныстық серіктесінің АИТВ статусы белгісіз немесе оң болған адамдарға, мүшекапсыз жиі байланысқа түсетін адамдарға, соңғы 6 айда жыныстық жолмен берілетін инфекциямен ауырған адамдарға ұсынылады. Байланысқа дейінгі алдын алуда көбіне күн сайын 1 таблеткадан ішеді. Дәрігердің нұсқауымен басқаша да қолданылуы мүмкін. Байланысқа дейінгі алдын алуды дұрыс және үзбей ішкенде оның тиімділігі 99%-ға дейін жетеді.

Байланыстан кейінгі алдын алу, бұл – қауіпті байланыс болып қойғаннан кейін шұғыл түрде қолданылатын әрекет. Ол мүшекап жыртылып немесе шешіліп кетсе, мүшекапсыз байланыс болса, зорлық-зомбылық жағдайы болса, қанмен немесе ине арқылы байланыс болған жағдайда қолданылады. Байланыстан кейінгі алдын алудың ең басты ережесі – уақыт. Оны байланыстан кейін 72 сағат ішінде бастау керек. Неғұрлым тез басталса, соғұрлым тиімді.


АИТВ – үкім емес. Бүгінгі күні одан қорғанудың нақты, ғылыми дәлелденген жолдары бар. Байланысқа дейінгі алдын алу, бұл – болашақ қауіптің алдын алу. Ал байланыстан кейінгі алдын алу – қауіп болып қойған сәтте тез әрекет ету. Ең бастысы – ұялмау және уақытты жоғалтпау. Әсіресе байланыстан кейінгі алдын алуда әр сағат маңызды. АИТВ-ның алдын алу туралы білу – қорқыныш емес, бұл – өз денсаулығыңа деген жауапкершілік. Өзіңді қорға, серіктесіңді қорға, уақытында тексеріл. Денсаулық – ең қымбат байлық.

Тоғжан МЫРЗАҒҰЛОВА,
ШЖҚ «Алматы облыстық ЖИТС-ке қарсы күрес орталығы» КМК-ның дәрігер-эпидемиологы

САҒЫНЫШ

Ізгіліктің ізін қалдырған

Өзі өмір сүрген қоғамында, күнделікті күйбең тіршілігінде ел-жұрты мен халқы үшін адал қызмет ете білетін адамдар болады. Ешкімге жамандық ойламайтын, бөгде біреудің атына тектен-тек күйе жақпайтын ғазиз жандар жүрген жерде, ел ырысы еселеніп, адамдар арасындағы адалдық пен сыйластықтың туы биік тұрады. Сондай ел сыйлаған жандардың бірі Әлмұрат Әлиасқаров еді.



Әлмұрат Қожаұлы 1958 жылы 11 наурызда Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Оның ғұмыры – адал еңбекке, адамға деген жанашырлыққа, ізденіс пен ізгілікке арналып өткен өнегелі өмірдің жарқын үлгісі. 1965 жылы Кеген ауданы Жылысай ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттап, 1973 жылы 8-сыныпты тәмамдайды. Білімге деген құштарлығы оны Талғар қаласындағы медицина училищесіне жетелеп, 1977 жылы емдеу ісі фельдшері мамандығын алып шығады.

Әлмұрат Қожаұлы Әлиасқаров іниммен 1974 жылы алғаш танысқаным есімде. Ол кезде мен Алматы халық шаруашылығы институтында оқитынмын. Талғарда медициналық училищесінде оқитын жерлес қыздарға демалыс күндері барып, сәлемдесіп қайтатын едік. Бірде училище алдында Кеген ауданындағы Жалаңаш ауылының жігіттері кездесіп қалды. Олардың кейбірімен таныс едім. Араларындағы Ноян есімді жерлесім қара торы, қою қара шашты, орта бойлы Шырғанақ ауылынан келген бозбала жігітті Алик деп таныстырды. Шын есімі Әлмұрат екен. Содан бастап жерлес болып хабарласып жүрдік. Оқу бітірген соң Әлмұрат екеуміз Кеген ауданындағы Бөлексаз ауылында бірге төрт жыл қатар еңбек еттік.

Білімін жетілдіріп, кәсіби мүмкіндігін кеңейтуге ұмтылған ол 1984 жылы Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, 1987 жылы веттехник мамандығын тәмамдайды. Осылайша, адам медицинасы мен ветеринария саласын қатар меңгерген білікті маман ретінде қалыптастты. Еңбек жолын Бөлексаз ауылында жалғастырып, 1988 жылдан бастап Еңбекшіқазақ ауданы, Қайназар ауылында малдәрігерлік қызмет атқарады. Өз мамандығына деген адалдығы мен жауапкершілігінің арқасында ауыл тұрғындарының ерекше құрметіне бөленеді. Жылдар бойы тынымсыз еңбек етіп, талай адамның алғысын алады. Еңбегі еленіп, бірнеше мәрте марапаттарға ие болады. Әлмұрат Қожаұлы үшін ветеринария жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен адамзат алдындағы қызмет еді. Оның өмірлік ұстанымына айналған «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді» деген қанатты сөзі осы мамандыққа деген көзқарасын айқын танытады.

Ол өз ісінің нағыз шебері болды. Заманауи ветеринариялық әдістерді меңгеріп, тәжірибесінде кесарь тілігін жасау, малдың сынған аяқ-қолын гипстеу, протез жасау секілді күрделі емдеу тәсілдерін қолданды. Еңбеккорлық пен шеберлік оның болмысының ажырамас бөлігі еді. Әлмұрат Қожаұлы тек білікті маман ғана емес, қолынан өнер тамған ерекше жан болатын. Оның бойындағы шығармашылық қабілет пен ұқыптылық күнделікті тұрмыста да айқын көрініс тапты. Ол бір істі қолға алса, соңына дейін тыңғылықты орындамай тынбайтын.

Зайыбы Жәмилә Омарқұлова екеуі жарасымды ғұмыр кешіп, бір қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірді. Жәмилә Қаматайқызы ұзақ жыл бойы ұстаздық қызмет атқарып, талай шәкірттің білім мен тәрбие алуына үлес қосты. Әлмұрат Қожаұлы мен Жәмилә Қаматайқызы балаларына жақсы тәрбие беріп, білім мен өнерге, еңбек пен адамгершілікке баулыды. Бүгінде сол тәрбиенің жемісін көріп, ұрпақтарының жетістігімен мақтана алар еді.

Тұңғыш қызы Венера Әлмұратқызы 1980 жылы дүниеге келген. Қазіргі таңда отбасымен Астана қаласында тұрады. Білікті маман, білім беру саласына өз үлесін қосып келеді. Ортаншы ұлы Нұрдос Әлмұратұлы 1984 жылы дүниеге келген. Ол – суретші-зергер, қазақтың ұлттық зергерлік өнерін әлемге таныту жолында еңбек етіп жүрген парасатты жан. Кенже ұлы Нұрғиса Әлмұратұлы 1987 жылы дүниеге келген. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлегі. Қазіргі таңда қазақ киноиндустриясының дамуына үлес қосып жүрген белгілі режиссер. Балаларының әрқайсысы өз жолын тауып, білім мен өнердің әр саласында жетістікке жетті. Бірі – білім мен ғылымды, бірі – ұлттық қолөнерді, енді бірі кино өнерін дамытып келеді. Бұл – әке тәрбиесінің, отбасында қалыптасқан еңбеккорлық пен ізденімпаздықтың жемісі.

Әлмұрат Қожаұлы өмірінің соңына дейін сүйікті мамандығынан қол үзбей, халыққа қызмет етті. Ауылдың малын емдеп, талай жанның алғысын алды. Оның кәсіби тәжірибесі, жаңашылдығы мен шеберлігі өзі еңбек еткен өңір тұрғындарының жадында қалды. Ол өзінен кейін еңбекке адалдықты, өнерге құштарлықты, адамға құрметті мұра етіп қалдырды.

Аяулы азаматтың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, рухы пейіште шалқысын! Еліне елеулі еңбек еткен азаматты отбасы мен ұрпағы сағынышпен еске алады. Оның жарқын бейнесі жүрегімізде.

Жақан АҚАЕВ,
еңбек ардагері,
Бақыт ӘБЕНОВ,
Кербұлақ ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы
Бақыт МАЙЛЫБЕКОВ, ағасы

ТУРНИР

Балқаштағы балуандар бәсекесі



Балқаш аудандық дене шынықтыру-сауықтыру спорт кешенінде 2011-2012 жылдары туған жасөспірімдер арасында Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, ұлағатты ұстаз Алтынбай Бейсебековті еске алуға арналған қазақ күресінен республикалық турнир өтті. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан дода биыл да жоғары деңгейден көрінді.

Жарысқа Алматы, Абай, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда және Түркістан облыстарынан, сондай-ақ Алматы мен Шымкент қалаларынан спортшылар қатысты. Балуандар он салмақ дәрежесі бойынша бақ сынап, өзара мықтыны анықтады.

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімі Азат Құтпанбетов осындай тағылымды турнирдің жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқанының маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар ол ел басына күн туған қиын кезеңде Отан қорғап, кейінгі ғұмырын білім беру саласына арнаған Алтынбай Бейсебековтің өмір жолы мен өнегелі еңбегіне тоқталып, ұлағатты ұстаздың ұрпақ тәрбиелеу ісіне қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Келесі кезекте сөз алған облыстық бұқаралық спорт клубының басшысы Қайыржан Бейсембетов турнирге демеушілік танытқан азаматтарға ризашылығын білдірді. Әсіресе спортты дамытуға, жас балуандардың шеберлігін шыңдауға тұрақты түрде қолдау көрсетіп келе жатқан меценат Мұратбек Бейсебековтің еңбегін ерекшелеп айтты.

Ардагер-ұстаздың ұлы Әскербек Алтынбайұлы әкесінің өнегелі өмір жолын кейінгі ұрпаққа насихаттауға бағытталған игі бастаманың жалғасын тауып келе жатқанына ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар спортшыларға ақ тілегін арнап, әрқайсысына жеңіс тұғырынан көрінуді тіледі. Ал аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев жас балуандарға ақ батасын берді.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін балуандар бозкілемге шығып, өзара мықтыны анықтауға кірісті. Әрбір белдесуде жеңіске деген жігер мен намыс қатар өріліп, жас спортшылардың дайындығы мен шеберлігі айқын аңғарылды.

Тартысты өткен жарыс қорытындысы бойынша Алматы облысының намысын қорғаған Ерсұлтан Нұрбайұлы, Алдияр Егінбай, Самир Айсаров, Дарын Есімханұлы және Айбар Мейрамбай өз салмақ дәрежесінде қарсыластарынан басым түсіп, жеңімпаз атанды. Аудан намысын қорғаған жас балуандар да осалдық танытқан жоқ. Әсіресе Ақдала ауылының тумасы, Б.Бейсебаев атындағы мектеп-гимназиясының мақтанышы Темірлан Темірғалиұлы 75 келі салмақ дәрежесінде күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал М.Сеңгірбаев атындағы орта мектептің балуаны Тимур Ливитский осы салмақ дәрежесінде жүлделі III орынды иеленді. Жерлестеріміздің осындай республикалық деңгейдегі жарыста жүлдегерлер қатарынан көрінуі – аудан спорты үшін зор жетістік. Турнирдің жабылу салтанатында құрметті қонақтар жеңімпаздар мен жүлдегерлерді арнайы құттықтап, оларға ұйымдастырушылар тарапынан әзірленген бағалы сыйлықтарды табыстады. Сондай-ақ спортшылар медаль және грамоталармен марапатталды.

Ұлағатты ұстаздың есімін ұлықтап, оның жарқын бейнесін жас ұрпақтың жадында жаңғыртатын осындай игі бастамалар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Ал бозкілемде белдесіп, жеңіске деген жігерін танытқан жас балуандардың бүгінгі талпынысы – ертеңгі үлкен спорттағы жетістіктердің бастауы.

Бақтығали ДӘУІТБАЙ
Балқаш ауданы

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Үйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН 8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жаухар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 2683

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ